

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы «    »  
№    қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген басым жобаларға кредит беру тетігінде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қызметін өңдеу өнеркәсібінде және агроөнеркәсіптік кешенде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – ЖКС) қолдау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2018 – 2020 жылдары екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі – ЕДБ) және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – АНК) қаржыландыруының жалпы көлемі – 1 трлн. теңгеге дейін.

2. ЕДБ-ға және АНК-ге қаражат беру шарттары:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі меншікті қаражаты мен өз басқаруындағы қаражат есебінен жылдық 11 %-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемелері бойынша 10 жылға дейінгі өтеу мерзімімен 1 трлн. теңгеге дейінгі сомаға ЕДБ мен АНК облигацияларын сатып алуды жүзеге асырады.

ЕДБ және АНК шығару проспектісінде (облигацияларды шығару талаптары) айқындалатын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген шарттарда өздері шығарған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге құқылы.

Әрбір ЕДБ-ға облигацияларды сатып алудың ең жоғары лимиті 70 млрд. теңгеден аспауға тиіс. ЕДБ өз лимиттерін ішінара не толық пайдаланбаған жағдайда пайдаланылмаған лимит мүдделі ЕДБ арасында қайта бөлінуі мүмкін.

АНК облигацияларын сатып алу лимит ескерілмей жүзеге асырылады.

ЕДБ-ның және АНК-нің тартылған қаражаты мен меншікті қаражаты:

1) 200 млрд. теңгеге дейін – агроөнеркәсіптік кешендегі өңдеу;

2) 500 млрд. теңгеге дейін – агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру;

3) 300 млрд. теңгеге дейін өңдеу өнеркәсібі және көрсетілетін қызметтер

бағыттары бойынша басым жобаларды қаржыландыруға бағытталуға тиіс.

ЕДБ-мен қатар АНК агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру мен өңдеу жөніндегі басым жобаларды қаржыландыру бойынша оператор болып табылады. АНК тікелей кредит берумен қатар, кейіннен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кредиттеу үшін кредиттік серіктестіктерді қорландыруға құқылы.

Агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру бойынша көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобаларды кредиттеуге жұмсалатын қаражат 100 млрд.теңгеден аспайды.

Бұл ретте шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) субъектілері іске асыратын жобаларға кредит беруге кемінде 200 млрд. теңге жұмсалады. Осы мақсатта әрбір ЕДБ мен АНК ШОБ жобаларын осы Басым жобаларға кредит беру тетігінде (бұдан әрі – Тетік) белгіленген шарттарда берілген кредиттердің жалпы көлемінің кемінде 20 % мөлшерінде қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

ЖКС жобаларына ЕДБ мен АНК өз қаражаты есебінен қарыз бере алады, сондай-ақ ЖКС қарыздары үшін қорландыруды қамтамасыз ету не қалпына келтіру үшін облигациялар шығара алады.

Аванстық қорландыру алған жағдайда облигацияларды орналастырудан алынған қаражатты игеру кезеңі ол ЕДБ мен АНК шотына түскен күннен бастап 12 айдан аспауға тиіс.

Берілген қаражаттың нысаналы мақсаты – қызметін өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенде жүзеге асыратын ЖКС-ке инвестициялау және айналым қаражатын толықтыру мақсаттарына кредит беру. Жаңартылатын негізде айналым қаражатын толықтыруға жол беріледі.

Бұл ретте ЕДБ мен АНК айналым қаражатын толықтыру мақсаттарына қарыз алушының бір жобасы шеңберінде берілетін кредит қаражатының 50 %-ынан аспайтын мөлшерін жіберуге құқылы. Бұл шектеу ЕДБ мен АНК-нің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жобаларды, сондай-ақ кредитті қаржыландыру көзіне қарамастан, агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс бойынша көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобаларды қаржыландыруға қолданылмайды. Бұл ретте, көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобалар 1 жылдан аспайтын мерзімге қаржыландырылады.»;

5-тармақта:

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«ЖКС жағдайын нашарлататын мән-жайлар туындаған жағдайда, олар сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін төлеу және/немесе кредит бойынша негізгі борышты өтеу бойынша кредит мерзімі ұзақтығының жартысынан аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең алуға/ кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте мұндай мән-жайлардың туындағаны Мемлекет басшысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдерімен және/немесе уәкілетті органдардың құжаттарымен расталуға тиіс.»;

алтыншы бөліктің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде құрылған ЖКС қоспағанда) тиесілі кәсіпкерлер/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері, сондай-ақ меншік нысаны жеке мекеме

ретінде ресімделген ЖКС және коммерциялық емес ұйымдар қаржыландырылмайды.»;

6-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге: жұмыс орындарын сақтау/ұлғайту және нақты көлем индексі деңгейін сақтау.»;

7-тармақтың бірінші бөлігінің үшінші абзацы және екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Субсидиялау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының және осы Тетіктің іс-шараларын іске асыруға бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылады.

ЖКС-нің ЕДБ мен АНК беретін кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. ЖКС жобаларына кепілдік беру шарттары:

Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 15 %-дан аспайтын кредиттерге кепілдік беріледі. Қарыз алушының бір жобасы шеңберінде кепілдік көлемі:

қоса алғанда 3 млрд. теңгеге дейінгі кредит сомасының 50 %-ынан;

3 млрд. теңгеден астам, қоса алғанда 5 млрд. теңгеге дейінгі кредит сомасының 30 %-ынан аспайды.»;

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру және өңдеу бойынша іске асырылатын жобаларды субсидиялау шарттары, тәртібі мен тетігі, сондай-ақ мониторингтеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17741 болып тіркелген) бекітілген Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларымен (бұдан әрі – Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары) регламенттеледі.»;

басым жобаларға кредит беру тетігіне қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің жол картасында:

реттік нөмірлері 5 және 9-жолдардың 3-бағанындағы «ИДМ» деген аббревиатура «ИИДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

«ИДМ – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі».

2. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2019 ж., № 59-60, 451-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында:

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-тарауда:

«Міндеттері» деген бөлімнің 5-тармағы алып тасталсын;

«Қаржыландыру көздері мен көлемдері» деген бөлімнің бірінші, екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны іске асыруға 2020 – 2024 жылдары 461 021 148 мың теңге көлемінде бюджет қаражаты жұмсалатын болады:

1) республикалық бюджеттен берілетін қаражат:

2020 – 97 526 257 мың теңге;»;

«Кіріспе» деген 2-тарауда:

жетінші бөліктің 3) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сондай-ақ, осы Бағдарламада «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігінің (бұдан әрі – Тетік) шеңберінде мемлекеттік қолдау көрсету шарттары анықталған.»;

«Негізгі терминдер мен анықтамалар» деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) жекелеген кәсіпкерлік субъектілері – қызметін тамақ өнімдерін өндіру (ЭҚЖЖ 10), сабын және жуғыш, тазалағыш және жылтыратқыш құралдар шығару (ЭҚЖЖ 20.41), шаруашылық-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық мақсатқа арналған қағаз бұйымдарын шығару (ЭҚЖЖ 17.22.0), автомобиль көлігімен жүк тасымалдау (ЭҚЖЖ 49.41), қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі (ЭҚЖЖ 52), туризм (ЭҚЖЖ 55.1, ЭҚЖЖ 55.2, ЭҚЖЖ 55.3.) және жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару (ЭҚЖЖ 68.20) салаларында жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілері;»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) кәсіпкер – шағын және (немесе) орта кәсіпкерлік субъектісі, жекелеген кәсіпкерлік субъектілері, өз қызметін Тетік шеңберінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген заңды тұлғалар;»;

«Ағымдағы ахуалды талдау» деген 3-тарауда;

қырық бірінші бөлік алып тасталсын;

«Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-тарауда:

«Міндеттер» деген 4.3-бөлімде:

бірінші бөліктің 3) тармақшасы алып тасталсын;

«Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету» деген кіші бөлімде: тақырыбы алып тасталсын;

бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

«Шетелдік валюталардың ауытқуларына байланысты валюталық тәуекелдердің кредиттік тәуекелдерге өзгеруіне жол бермеу бойынша нәтижелер көрсеткіштері» деген 8-кесте алып тасталсын;

«Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар» деген 5-тарауда:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тиімді инвестициялық жаңа жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және кешенді кәсіпкерлік лицензияға (бұдан әрі – франчайзинг) бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша жүзеге асырылады.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Кепілдік тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша ғана беріледі.»;

25, 26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Мыналарды:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтыруға сомасы 100 млн. теңгеден аспайтын кредиттерден басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін;

3) Бағдарламаға 2-қосымшада көрсетілген экономиканың басым секторларына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік гранттар беруді және өндірістік инфрақұрылымды дамытуды қоспағанда, өз жобаларын салалық шектеулерсіз іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын тиімді кәсіпкерлер/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері Бағдарламаның екінші бағытына қатысушылар болып табылады.

26. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тиімді инвестициялық жаңа жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте сауда қызметі саласындағы айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау 100 млн. теңгеден аспайтын сомадағы кредиттер бойынша жүзеге асырылады;

27. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жобаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде іске асыру үшін салалық шектеулерсіз берілетін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша да жүзеге асырылады, ол:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларға (айналым қаражатын толықтырудан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

Егер бір жоба бойынша бірнеше субсидиялау шарты жасалатын болса, онда субсидиялаудың жалпы мерзімі қаржы агенттігі бірінші субсидиялау шартына қол қойған кезден бастап белгіленеді.»;

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Ислам банкінің/ислам лизингтік компаниясының кірісін құрайтын тауарға үстеме бағаны/жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялау жаңа инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге және айналым қаражатын толықтыруға бағытталған жобаларды іске асыру үшін ұсынылатын жаңа қаржыландыру бойынша жүзеге асырылады.

32. Мыналарды:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтырудан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, банктердің/ даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау да салалық шектеулерсіз кредиттер/қаржы лизингі шарттары бойынша жүзеге асырылады.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау инвестициялық жаңа жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге және айналым қаражатын толықтыруға бағытталған жобаларды іске асыруды қаржыландыру үшін шығарылған облигациялар бойынша жүзеге асырылады.»;

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Ішінара кепілдік беру тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша ғана беріледі.

Бұл ретте сауда қызметі саласындағы айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша ішінара кепілдік беру 100 млн.теңгеден аспайтын сомадағы кредиттер бойынша жүзеге асырылады.»;

«Үшінші бағыт: кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерінің төмендеуі» деген бөлім алып тасталсын;

103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«103. Бағдарламаның бірінші және екінші бағыттары шеңберінде статистикалық деректерді талдауды, сапа мен нәтижелілік аудитін қаржы агенттігі жүргізеді.»;

109-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Бағдарламаның бірінші және екінші бағыттары шеңберіндегі статистикалық деректердің аудиті – қаржы агенттігінің жеке қаражаты есебінен; Бағдарламаның төртінші бағыты шеңберінде – қаржылық емес қолдау операторының жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады;»;

112-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«112. Қаржы агенттігі Бағдарлама тиімділігінің кешенді жылдық жалпы талдамалық есебін қалыптастыру мақсатында есепті жылдан кейінгі жылдың сәуірінен кешіктірмей, Бағдарламаның бірінші және екінші бағыттарын мониторингтеу нәтижелерін қаржылық емес қолдау операторы мен уәкілетті органға жібереді.»;

116-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кәсіпкердің кредиті/лизингтік мәмілесі ұлттық валютада берілуге тиіс.»;

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«119. Уәкілетті орган Бағдарламаның бірінші және екінші бағыттарын іске асыру мақсатында әрбір облыс, астана, республикалық маңызы бар қалалар үшін қаржыландырудың жалпы лимитін айқындайды.»;

«Қажетті ресурстар» деген 6-тараудың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) республикалық бюджеттен 2020 жылы – 97 526 257 мың теңге, 2021 жылы – 62 969 704 мың теңге, 2022 жылы – 56 894 521 мың теңге, 2023 жылы – 50 516 973 мың теңге, 2024 жылы – 43 113 693 мың теңге көзделетін болады;»;

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«Екінші бағыт: экономиканың басым секторларында кәсіпкерлікті дамыту» деген бөлімде:

«1. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» деген кіші бөлімде:

3-жолдағы «29 579 020» деген сандар «63 469 615» деген сандармен ауыстырылсын;

«2. Банктердің/даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру» деген кіші бөлімде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

3	"Даму" КДҚ" АҚ-ның кепілдігі н төлеу	мың теңге	жыл сайын қаңтар, шілде	ҰЭ М-ге ақпарат	Ж А О	10 57					республикалық бюджет
						1 405					
						2 571 300	2 471 300	2 371 300	2 271 300	2 271 300	

»;

«Үшінші бағыт: кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету» деген бөлім алып тасталсын.

3. «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2019 ж., № 67-68, 477-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларында:

5-тармақта:

бірінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган субсидиялауға арналған қаражатты аударуға өзара жасалған шарт (бұдан әрі – қаражатты аударуға арналған шарт) негізінде қаржы агенттігінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған арнайы шотына, ал 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі қаржы агенттігіне бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарт негізінде аударылады.»;

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Субсидиялауға бөлінген және Бағдарлама/Тетік шеңберінде пайдаланылмаған қаражат Бағдарлама/Тетік шеңберіндегі жобаларды субсидиялауға пайдаланылуы мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

7-тармақта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақпен толықтырылсын:

«9-1) жекелеген кәсіпкерлік субъектілері – қызметін тамақ өнімдерін өндіру (ЭҚЖЖ 10), сабын және жуғыш, тазалағыш және жылтыратқыш құралдар



шығару (ЭҚЖЖ 20.41), шаруашылық-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық мақсатқа арналған қағаз бұйымдарын шығару (ЭҚЖЖ 17.22.0), автомобиль көлігімен жүк тасымалдау (ЭҚЖЖ 49.41), қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі (ЭҚЖЖ 52), туризм (ЭҚЖЖ 55.1, ЭҚЖЖ 55.2, ЭҚЖЖ 55.3.) және жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару (ЭҚЖЖ 68.20) салаларында жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілері;»;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) кәсіпкер – шағын және (немесе) орта кәсіпкерлік субъектісі, жекелеген кәсіпкерлік субъектілері, өз қызметін Тетік шеңберінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген заңды тұлғалар;»;

26) тармақша алып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тиімді инвестициялық жаңа жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша жүзеге асырылады. Тиімді инвестициялық жобалар, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобалар деп қаржы агенттігінің шешімі шыққан күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін салық декларациясының деректері негізінде, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) әлеуметтік аударымдар жөніндегі деректер негізінде 10 %-ға жұмыс орындарының орташа жылдық санын сақтауды/ұлғайтуды немесе еңбекақы төлеу қорының көлемін ұлғайтуды немесе кірістерді (өткізуден түскен кіріс: негізгі қызметтегі өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны) өсіруді немесе бюджетке төленетін салықтардың (корпоративтік табыс салығы/жеке табыс салығы) көлемін ұлғайтуды көздейтін жобалар түсініледі.

Айналым қаражатын толықтыруға және (немесе) ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен банктер берген (беретін) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері де субсидиялауға жатады.

Банктердің кредиттері бойынша, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен берілген, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау да республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген лимиттер шеңберінде жүзеге асырылады.

Айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға бағытталған кредиттер бойынша жоба іске асырылғаннан кейін тиісті көрсеткіштерден 10 %-ға міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) әлеуметтік аударымдар жөніндегі деректер негізінде жұмыс орындарының орташа жылдық санын ұлғайту, кірісті өсіру, еңбекақы төлеу

қорының көлемін ұлғайту, сондай-ақ бюджетке төленетін салықтар көлемін өсіру талап етілмейді.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Егер кредит беру негізгі құралдарды сатып алу және (немесе) жаңғырту және (немесе) өндірісті кеңейту шеңберінде, бірақ кредит сомасының немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатының немесе мөлшері 360 (үш жүз алпыс) млн. теңгеден аспайтын кредиттің 30 %-ынан асырмай жүзеге асырылса, субсидиялау айналым қаражатын толықтыруға берілетін (берілген) кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. 100 % айналым қаражатын толықтыруға жұмсалған 360 (үш жүз алпыс) млн. теңгеге дейінгі кредиттерге кепілдік берген кезде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға (кредиттерге немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша ағымдағы төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуді және кәсіпкердің негізгі қызметін жүзеге асыруымен байланысы жоқ басқа да мақсаттарды қоспағанда) рұқсат етіледі.»;

21-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2018 жылғы 27 қаңтарға дейін мақұлданған, субсидиялау мерзімі 3 (үш) жылдық жобалар бойынша қосымша 2 (екі) жылға ұзартуға болады, бұл ретте қаржы агенттігі ұзартуды мақұлдаған күні қолданыста болатын шарттар қолданылады (субсидиялаудың жалпы мерзімі жоба бойынша бірінші субсидиялау шартына қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) жылдан аспайды). Бұл ретте, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруді жүзеге асыратын кәсіпкерлерді субсидиялаудың қолданыстағы шарттары бойынша қаржы агенттігінің қосымша 2 (екі) жылға мерзімін ұзарту/ұзартпау туралы шешімі кәсіпкерді ол өтініш берген күнге санатқа бөлмей қабылданады.»;

25-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Субсидиялау номиналды сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша ғана жүзеге асырылады, оның 6 %-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Мыналарды:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтырудан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, өз жобаларын салалық шектеулерсіз іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын тиімді кәсіпкерлер/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері Бағдарламаның екінші бағытына қатысушылар болып табылады.»;

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау тиімді инвестициялық жаңа жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша жүзеге асырылады.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тиімді инвестициялық жаңа жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге және франчайзингке, оның ішінде қаржыландыру көзі нысаналы қысқа мерзімді қарыз болған кәсіпкердің бұрын шеккен шығындарын өтеуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін даму банкінің жаңа кредиттері бойынша жүзеге асырылады.

Тиімді инвестициялық жобалар, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға және франчайзингке бағытталған жобалар деп қаржы агенттігінің шешімі шыққан күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін салық декларациясының деректері негізінде, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) әлеуметтік аударымдар жөніндегі деректер негізінде 10 %-ға жұмыс орындарының орташа жылдық санын сақтауды/ұлғайтуды немесе еңбекақы төлеу қорының көлемін ұлғайтуды немесе кірістерді (өткізуден түскен кіріс: негізгі қызметтегі өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны) өсіруді немесе бюджетке төленетін салықтардың (корпоративтік табыс салығы/жеке табыс салығы) көлемін ұлғайтуды көздейтін жобалар түсініледі.

Мыналарды:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтырудан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, салалық шектеулерсіз іске асырылатын жобалар шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға және (немесе) ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен банктер берген (беретін) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері де субсидиялауға жатады.

Банктердің кредиттері бойынша, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен берілген, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау да бюджеттен бөлінген лимиттер шеңберінде жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік субъектілерінің айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ ағымдағы міндеттемелерді қаржыландыруға бағытталған кредиттері бойынша осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген талаптар қолданылмайды.

33. Банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтырудан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, жобаларды салалық шектеулерсіз мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде іске асыру үшін берілетін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша да жүзеге асырылады.»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Егер кредит беру негізгі құралдарды сатып алу және (немесе) жаңғырту және (немесе) өндірісті кеңейту шеңберінде, бірақ кредит сомасының немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатының немесе сомасы 500 (бес жүз) млн. теңгеден аспайтын кредиттің 30 %-ынан асырмай жүзеге асырылса, субсидиялау айналым қаражатын толықтыруға берілетін (берілген) кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте сауда қызметі саласындағы айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау 100 млн. теңгеден аспайтын сомадағы кредиттер бойынша жүзеге асырылады.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. 100 % айналым қаражатын толықтыруға жұмсалған 500 (бес жүз) млн. теңгеге дейінгі кредиттерге кепілдік берген кезде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға (кредиттерге немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуді қоспағанда және кәсіпкердің негізгі қызметін жүзеге асыруымен байланысы жоқ басқа да мақсаттарды қоспағанда) рұқсат етіледі.»;

42-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің/қаржылық лизинг шартының сомасы қолданыстағы барлық кредиттерді ескергенде бір кәсіпкер үшін 7 млрд. теңгеден аспауға тиіс және онымен үлестес тұлғалардың /компаниялардың кредиті/қаржылық лизинг шарты бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі. Даму банкі қаржыландыратын жобалар бойынша субсидияланатын кредиттің ең жоғары сомасы шектелмейді.»;

43-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2018 жылғы 27 қаңтарға дейін мақұлданған, субсидиялау мерзімі 3 (үш) жылдық жобалар бойынша қосымша 2 (екі) жылға ұзартуға болады, бұл ретте қаржы агенттігі ұзартуды мақұлдаған күні қолданыста болатын шарттар қолданылады (субсидиялаудың жалпы мерзімі жоба бойынша бірінші субсидиялау шартына қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) жылдан аспайды). Бұл ретте, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруді жүзеге асыратын кәсіпкерлерді субсидиялаудың қолданыстағы шарттары бойынша қаржы агенттігінің қосымша 2 (екі) жылға мерзімін ұзарту/ұзартпау туралы шешімі кәсіпкерді ол өтініш берген күнге санатқа бөлмей қабылданады.»;

47-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Субсидиялау номиналды сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша ғана жүзеге асырылады, оның 6 %-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды.»;

«Бағдарламаның «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін азайту» үшінші бағыты аясында субсидиялар беру шарты» деген 5-тарау алып тасталсын;

74-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл шектеу ЕДБ мен АНК-нің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру және өңдеу жөніндегі жобаларды, сондай-ақ кредитті қаржыландыру көзіне қарамастан, көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобаларды қаржыландыруға қолданылмайды. Бұл ретте көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобалар 1 жылдан аспайтын мерзімге қаржыландырылады.»;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Бұл ретте шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері іске асыратын жобалар Тетікте белгіленген шарттарда берілген кредиттердің жалпы көлемінің кемінде 20 % мөлшерінде субсидиялауға жатады.»;

122-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«122. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін көзделген қаражат түскен кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігі көрсеткен шотқа тиісті қаржы жылы Бағдарламаның бірінші және екінші бағыттарын іске асыруға бөлінген соманың 50 %-ы мөлшерінде қаржы агенттігіне қаражат аударуды жүзеге асырады. Бұдан кейінгі төлемдер қаржы агенттігінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.»;

123-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Тетік шеңберінде қаржы агенттігіне қаражат аударуды Бағдарламаның өңірлік үйлестірушілері осы Субсидиялау қағидаларының 122-тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырады. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті органның қаржы агенттігіне қаражат аударуына жол берілмейді.»;

133-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кәсіпкердің жағдайын нашарлататын мән-жайлар орын алған жағдайда, ол сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін төлеу және/немесе кредит бойынша негізгі борышты өтеу бойынша кредит мерзімі ұзақтығының жартысынан аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең алуға/ кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте мұндай мән-жайлардың туындағаны Мемлекет басшысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдерімен және/немесе уәкілетті органдардың құжаттарымен расталуға тиіс.»;

134-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«134. Кәсіпкердің банктік қарыз шартының талаптарына, қаржы агенттігінің уәкілетті органының хаттамасына сәйкес қаржы агенттігі Тетік шеңберінде банк/даму банкі/лизингтік компания сыйақы мөлшерлемесінің

субсидияланбайтын бөлігін төлеу және/немесе негізгі борышты өтеу бойынша кредит мерзімі ұзақтығының үштен бір бөлігінен не жартысынан аспайтын мерзімге жеңілдік кезеңін берген/мерзімін кейінге шегерген кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінде субсидияларды аударуды жүзеге асыра алады.»;

141-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) төтенше жағдай қолданылатын кезеңде туындаған жағдайларды қоспағанда, кәсіпкердің банктік қарыз шартына/субсидиялау шартына төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерді төлеу бойынша банк алдындағы міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай бойы орындамауы;

5) төтенше жағдай қолданылатын кезеңде туындаған жағдайларды қоспағанда, кәсіпкердің қаржылық лизинг шартына төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес лизингтік төлемдерді жасау бойынша лизингтік компания/банк алдындағы міндеттемелерді қатарынан 2 (екі) рет және одан көп орындамауы;»;

көрсетілген қағидаларда 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшалар осы өзгерістер мен толықтыруларға 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ислам банктері кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырған кезде ислам банктерінің кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасының бір бөлігін және жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларында:

2-тармақтың 20) тармақшасы алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі қаржы агенттігіне өзара жасалатын Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың негізінде аударарды (Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді).»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Ислам банктерінің/исламдық лизингтік компаниялардың кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасын/жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялау жаңа инвестициялық жобаларды, сондай-ақ жаңғыртуға, айналым қаражатын толықтыруға және өндірісті кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа қаржыландыру бойынша жүзеге асырылады.»;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Егер кредит беру негізгі құралдарды сатып алу және (немесе) жаңғырту және (немесе) өндірісті кеңейту шеңберінде, бірақ кредит сомасының немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатының немесе мөлшері 500 (бес жүз) млн. теңгеден аспайтын кредиттің 30 %-ынан асырмай жүзеге асырылса, субсидиялау айналым қаражатын толықтыруға берілетін (берілген) кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

14. 100 % айналым қаражатын толықтыруға жұмсалған 500 (бес жүз) млн. теңгеге дейін кепілдік беру құралын қолдану арқылы қаржыландырған кезде ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасын/жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялауға (кредиттерге, қаржыландыру шарттарына немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуді және кәсіпкердің негізгі қызметін жүзеге асыруымен байланысы жоқ басқа да мақсаттарды қоспағанда) рұқсат етіледі.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Субсидиялау тауардың номиналды үстеме бағасы/жалдау төлемінің бір бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған қаржыландыру бойынша ғана жүзеге асырылады, оның 6 %-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Мыналарды:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтырудан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, жобаларды салалық шектеулерсіз іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлер Бағдарламаның екінші бағытына қатысушылар болып табылады.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасын/жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялау жаңа инвестициялық жобаларды, сондай-ақ жаңғыртуға, айналым қаражатын толықтыруға және өндірісті кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа қаржыландыру бойынша жүзеге асырылады.»;

30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Егер кредит беру негізгі құралдарды сатып алу және (немесе) жаңғырту және (немесе) өндірісті кеңейту шеңберінде, бірақ кредит сомасының немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатының немесе мөлшері 500 (бес жүз) млн. теңгеден аспайтын кредиттің 30 %-ынан асырмай жүзеге асырылса, субсидиялау айналым қаражатын толықтыруға берілетін (берілген) кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

31. 100 % айналым қаражатын толықтыруға жұмсалған 500 (бес жүз) млн. теңгеге дейін кепілдік беру құралын қолдану арқылы қаржыландырған кезде ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасын/жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялауға (кредиттерге, қаржыландыру шарттарына немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуді және кәсіпкердің негізгі

қызметін жүзеге асыруымен байланысы жоқ басқа да мақсаттарды қоспағанда) рұқсат етіледі.»;

35-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасын/жалдау төлемнің бір бөлігін субсидиялау жүзеге асырылатын қаржыландырудың/исламдық лизинг шартының сомасы бір кәсіпкер үшін 7 млрд. теңгеден аспайды және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиторлық берешегі есепке алынбай есептеледі.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында іске асырылатын жобалар бойынша субсидиялау тауардың номиналды үстеме бағасы/жалдау төлемінің бір бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған қаржыландыру бойынша ғана жүзеге асырылады, оның 6 %-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды.»;

«Бағдарламаның «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде субсидиялар беру шарттары» деген 4-тарау алып тасталсын;

91-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«91. Бағдарлама бойынша қаржы агенттігіне қаражат аударуды Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын тауардың үстеме бағасын/жалдау төлемнің бір бөлігін субсидиялау үшін көзделген қаражат қаржы агенттігі көрсеткен шотқа түскен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.»;

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы өзгерістер мен толықтыруларға 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларында:

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Субсидиялауға көзделген қаражатты Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі қаржы агенттігіне өзара жасалатын Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың негізінде аударды (Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді).»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жүзеге асырылатын эмитент облигациялары шығарылымының жиынтық номиналды құны бір эмитент үшін 7 млрд. теңгеден аспайды.»;

көрсетілген қағидаларға 2-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;



4) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша кепілдіктер беру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы жаңа 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Кепілдік беру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кепілдік беру үшін көзделген қаражатты:

Бағдарлама бойынша – облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) әкімі қаржы агентіне өзара жасалатын Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың негізінде республикалық және жергілікті бюджет қаражатының есебінен аударлады. Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде агроөнеркәсіптік кешенде, өңдеу өнеркәсібінде қайта өңдеу және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға қаражат аударуға арналған шарттың (бұдан әрі – шарт) негізінде республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты Бағдарлама/Тетік шеңберінде кепілдік беру құралына жіберуге болады. Қаржы агенттігі алынған қаражатты бөлуді өңірлердің қажеттілігіне қарай дербес жүзеге асырады. Бағдарлама/Тетік шеңберінде кепілдік беруге бөлінген және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушілері/қаржы агенттігі ағымдағы қаржы жылында пайдаланбаған қаражатты кезекті қаржы жылында жобаларға, оның ішінде кезекті қаржы жылында мақұлданған жобаларға кепілдік беруге пайдалануға болады.

Тетік шеңберінде басым жобаларға кепілдік беру кезінде Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде агроөнеркәсіптік кешенде, өңдеу өнеркәсібінде қайта өңдеу және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға қаражат аударуға арналған шарт шеңберінде басым жобаларды субсидиялауға бөлінген қаражат кепілдік сомасының 20 % мөлшерінде қаржы агенттігінің ағымдағы шотына аударылады және шығарылған кепілдіктер үшін төлем болып табылады. Жобаны одан әрі қарау және қаржыландыру Бағдарламада көзделген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.»;

5-тармақта:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) жекелеген кәсіпкерлік субъектілері – қызметін тамақ өнімдерін өндіру (ЭҚЖЖ 10), сабын және жуғыш, тазалағыш және жылтыратқыш құралдар шығару (ЭҚЖЖ 20.41), шаруашылық-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық мақсатқа арналған қағаз бұйымдарын шығару (ЭҚЖЖ 17.22.0), автомобиль көлігімен жүк тасымалдау (ЭҚЖЖ 49.41), қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі (ЭҚЖЖ 52), туризм (ЭҚЖЖ 55.1, ЭҚЖЖ 55.2,

ЭҚЖЖ 55.3.) және жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару (ЭҚЖЖ 68.20) салаларында жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілері;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) кәсіпкер – шағын және (немесе) орта кәсіпкерлік субъектісі, жекелеген кәсіпкерлік субъектілері, өз қызметін Тетік шеңберінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген заңды тұлғалар;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Кепілдік тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға, кеңейтуге және айналым қаражатын толықтыруға, оның ішінде қайта қаржыландыруға бағытталған жобаларды іске асыруға банктер беретін кредиттер бойынша беріледі.»;

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Портфельдік кепілдік беру шеңберінде қаржы агенттігі банкке кәсіпкерлердің жобаларын кредит сомасының 50 %-ынан аспайтын мөлшерде бұрын берілген кепілдікті ескере отырып кредиттеу құқығын береді. Кредит мөлшері 360 млн. теңгеден аспауға тиіс.

Банктер жобаны іріктегеннен кейін қаржы агенттігіне қол қою үшін кепілдік шартын ұсынады. Егер жобаның мәлімделген нысаналы мақсаты Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмесе, қаржы агенттігі кепілдік шартына қол қоюдан бас тартуға құқылы.»;

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кредит 100 % мөлшерде сомасы 360 (үш жүз алпыс) млн. теңгеден аспайтын айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (кредиттерге немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша ағымдағы төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуді және өтініш берушінің негізгі қызметін жүзеге асыруына байланысты емес өзге мақсаттарды қоспағанда) жағдайларда айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.»;

16-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кепілдік беру жүзеге асырылатын жоба шеңберіндегі кредит (-тер) сомасы банктің кредиттері бойынша 180 (жүз сексен) млн. теңгеден аспайды.

Бұл ретте кредит (-тер) сомасы кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың кредиті (-тері) бойынша берешек есепке алынбай есептеледі;»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің 180 (жүз сексен) млн. теңгеден астам мөлшердегі кредиттеріне кепілдік беру осы Кепілдік беру қағидаларының 18-тармағында баяндалған шарттарда жүзеге асырылады.»;

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) кепілдік беру жүзеге асырылатын жоба шеңберіндегі кредит (-тер) сомасы банктің кредиттері бойынша 360 (үш жүз алпыс) млн. теңгеден аспайды.

Бұл ретте кредит (-тер) сомасы кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың кредиті (-тері) бойынша берешектер есепке алынбай есептеледі;»;

24-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Мыналарды:

1) сауда қызметі саласындағы жобаларды (айналым қаражатын толықтыруға сомасы 100 млн. теңгеден аспайтын кредиттерден басқа);

2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, жобаларды салалық шектеулерсіз іске асыратын және/немесе іске асыруды жоспарлайтын тиімді кәсіпкерлер Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде кепілдік беруге қатысушы бола алады.»;

34-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кредит 100 % мөлшерде сомасы 500 (бес жүз) млн. теңгеден аспайтын айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (кредиттерге немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша ағымдағы төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуді және өтініш берушінің негізгі қызметін жүзеге асыруына байланысты емес өзге мақсаттарды қоспағанда) жағдайларда айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.»;

35-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) кепілдік беру жүзеге асырылатын жоба шеңберіндегі кредит (-тер) сомасы банктің кредиттері бойынша 360 (үш жүз алпыс) млн. теңгеден аспайды.

Бұл ретте кредит (-тер) сомасы кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың кредиті (-тері) бойынша берешектер ескерілмей есептеледі;»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Кәсіпкерлер үшін кепілдік беру шарттары:

1) кепілдік беру жүзеге асырылатын жоба шеңберіндегі кредит (-тер) сомасы банктің кредиттері бойынша 1 (бір) млрд. теңгеден аспайды.

Бұл ретте кредит (-тер) сомасы кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың кредиті (-тері) бойынша берешектер есепке алынбай есептеледі;

2) кепілдік мөлшері кредит сомасының 50 %-ынан аспайды, кәсіпкер бұл ретте кепілдік құны кредит сомасының 50 %-ынан кем болмайтын мөлшерде кредит бойынша қамтамасыз етуді ұсынады (қамтамасыз ету мөлшерінің жеткілікті болуын есептегенде талап ету құқығының кепілі және шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің кепілі ескерілмейді);

3) ұсынылатын кепілдіктің мерзімі – кредит мерзімінен аспайды;

4) кредит валютасы – теңге.»;

47-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Қарыз алушының бір жобасы шеңберіндегі кепілдік мөлшері:

қоса алғанда 3 млрд. теңгеге дейінгі кредит сомасының 50 %-ынан;  
3 млрд. теңгеден астам, қоса алғанда 5 млрд. теңгеге дейінгі кредит  
сомасының 30 %-ынан аспайды.»;

көрсетілген қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы өзгерістер мен  
толықтыруларға 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

---